- Көркем жазуға икемділіктері артады
- Ойнай отырып , әңгімелесу арқылы сөздік қорлары молайып , тіл дамиды
- Болжам жасауға, жоспар құруға, жауапкершіліктерінің қалыптасуына, ережеге бағынуға машықтанады.

Ұлытау облысы білім басқармасының «Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжайы коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Бекітемін
«Қарлығаш» бөбекжайының
директоры ______ Кадина К.З.

# «Кел, бестемше ойнайық! » атты

ересек тобына арналған

## Авторлық бағдарлама

( 2023 - 2025 жылдар )

Жаңаарқа

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| 14 | **Балабақшам –екінші үйім** | Балабақшадағы күн тәртібі, топтағы балалардың есімдері, апайлары туралы әңгімелеу, өткізілетін іс-шаралар туралы ,күні бойы немен шұғылданатындары жайлы ой қозғау, жаттаған өлең шумақтарын айтқызу, сүйікті ойыншықтары , ойындары туралы әңгімелесу. | 2 |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | **Үйге қонақ келгенде...** | Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ кәде", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. | 2 |
| 12 | **Денсаулық пен тазалық, қауіпсіздік** | Денсаулықтың кепілі ретінде –тазалықтың мәніне тоқталу, таза киіну, моншаға бару. Жеке бас гигиенасы, тіс күтімі жайлы әңгімелесу. Спорт , дене шынықтырудың мәніне тоқталу,саяхатқа шығу, күн көзінің пайдасы туралы әңгімелеу .Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету. өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларына ие, көшеде, аулада, алаңда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды;қоршаған ортадағы қарапайым мінез-құлық ережелерін білу, сақтық таныту; | 2 |
| 13 | **Салт-дәстүрді білеміз** | Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, "қонақ кәде", "сыбаға", ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Қазақ халқының түрлі жағдайларда жасалатын әдет-ғұрыптарының мәнін түсіндіру, салт-дәстүрлерін, ырым-жоралғылары туралы түсінік беру | 2 |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қазандықта орналасқан құмалақтар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. | 2 |
| **8** | **Біз -болашақ отанқорғаушыларымыз!** | Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу. әскердің міндеті туралы түсініктерді беру; | 2 |
| **9** | **Елімізді мақтан тұтамыз,рәміздерді құрметтейміз!** | Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. | 2 |
| **10** | **Ата-анамызға көмектесеміз** | Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. Жақсы деген немене, жаман деген немене, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу ұғымдарын түсіну, еңбекке араласу, ата-анаға көмектесу | 2 |

Scanned with CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым-қатынас негіздерін біледі; ересектердің әңгімесіне араласпайды; сыпайы түрде өз өтінішін білдіреді, көрсеткен қызметі үшін алғыс айта білу; | 2 |
| 6 | **Жан-жануарлар** | Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын біледі;төрт түліктің төлдерін дауыстап шақыра алады бір-бірімен еркін диалог құрады;Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: "қойшы", "жылқышы", "түйеші", "сиыршы" аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. | 2 |
| 7 | **Біз санаймыз** | 10-ға дейін санай алады, сандарды ретімен атайды; Жұп және тақ ұғымдары туралы түсініктері қалыптасады; екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады; шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады; геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратады және атайды; геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді; тәулік бөліктерін ажыратады, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін біледі; "бүгін", "кеше", "ертең" ұғымдарын ажыратады; кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды; берілген бағытта қозғалады; Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. 10 -ға дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші отау?" | |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | Туыстар | | Туыстық қарым-қатынасты ("сіңлі", "жеңге", "жезде", "нағашы", "жиен", "бөле") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытады; жақын туыстарын біледі, олардың есімдерін атайды, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу; | 2 |
| 4 | Жақындарымның мамандықтары | | Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.Кейбір мамандықтардың маңызын, атауларын біледі;<br>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. | 2 |
| 5 | Адамгершілік, мейірімділік, қарапайымдылық туралы | | Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу, мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым-қатынас негіздерін біледі;ересектердің әңгімесіне араласпайды;сыпайы түрде өз өтінішін білдіреді, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтады; өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларына ие; көшеде, аулада, аланда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; қоршаған ортадағы қарапайым мінез-құлық ережелерін біледі, сақтық танытады; | |

Scanned with CamScanner

## Тіл дамыту тақырыптары бойынша күнтізбелік жоспар

| № | Ойын барысында негізге алатын тақырыптар: | Мақсаты | Сағ саны |
|---|---|---|---|
| 1 | **Менің отбасым** | Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру.Баланың "Мен" бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру ("Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын"). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. | 2 |
| 2 | **Туған жерім-Жаңаарқам!** | Туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихынадеген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;Жаңаарқа жерінде дүниеге келген атақты адамдарды білу, көше аттарындағы тұлғаалар өмірінен мағұлмат алу.Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.Бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. | 2 |

- өзара көмек беруге дайын, ренжіген балаға жанашырлық танытады;
- басқа балалармен бірге, келісіп ойнайды,
- айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіреді;
- ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрайды;
- материалды ескере отырып, заттар мен нысандарды таниды;
- кейбір мамандықтардың маңызын, атауларын біледі;
- Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарайды;
- өз Отанын – Қазақстан Республикасын мақтан тұтады;
- мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым-қатынас негіздерін біледі;
- сыпайы түрде өз өтінішін білдіреді, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтады;
- өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларына ие;
- көшеде, аулада, алаңда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды;
- қоршаған ортадағы қарапайым мінез-құлық ережелерін біледі, сақтық танытады;
- қарлыласының жеңісіне , қуанышына ортақтаса алады, жақсы тілек арнай алады;
- алғыс айта біледі.

Scanned with CamScanner

Бекітемін

«Қарлығаш» бөбекжайының

директоры Кадина К.З.

# «Бестемше» ойыны арқылы балалардың тілін дамыту

**Мақсаты:**

Ойын ойнап отырып, әр түрлі тақырыпта әңгіме қозғап, балалардың пікірлерін тыңдап, сөздік қорларын дамытып,түсініктерін кеңейту, коммуникативтік дағдыларды дамыту.әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;
- ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді білу арқылы балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;
- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;
- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;
- өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын білу;
- адамдардың мамандықтарын, еңбек әрекетін білдіретін сөздерді білу;
- тұрмыстық заттар және қоршаған табиғат заттарының мәнін түсіну;
- қазақтың ұлттық тұрмыстық заттарын танидып атау;
- қазақ халқының құндылықтарын құрметтеу;
- бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты қызығушылықпен талқылау;
- ұжымдық әңгімеге қатысу, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуді үйрену;
- түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіріп, дәлелдеу;
- туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді білу;
- өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеп айту;
- төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын білу, төрт түліктің төлдерін дауыстап шақыра алу;
- бір-бірімен еркін диалог құру;

**Күтілетін нәтижелер:**

- бала өзінің "Мен" бейнесін көрсетеді, ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді, өзімен санасқанды, өзін құрметтегенді ұнатады;
- өзінің туған жерін біледі және атайды;
- отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі;
- әскердің міндеті туралы түсініктерге ие;
- отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытады;
- жақын туыстарын біледі, олардың есімдерін атайды, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелейді;
- еңбек етуге қызығушылық танытады;
- тапсырманы жауапкершілікпен орындауға тырысады;
- бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді;
- ересектердің және отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытады;

Scanned with CamScanner

**Ойын атын, ережесін өлеңмен түсіндіру**

Тоя ма бала ойынға
Үлкен болып өскенше,
Қызық ойын бар бізде
Аты оның-бестемше!
Бір отаудан төртеуін
Жинап қолға аламыз,
Оңнан бастап бір-бірден
Әдемілеп саламыз.
Егер соңғы құмалақ
Тақты барып жұп етсе,
Бәрін жинап қазанға
Тағы реттеп саламыз
Екі құмалақ салмаймыз
Егер соңғы құмалақ
Жұпты барып тақ етса,
Ол отаудан ешқандай
Ұпай ала алмаймыз.
Кім ойланып ойнаса,
Көп құмалақ жинаса,
Қазаны оның толады
Сол жеңімпаз болады.

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **отырайық!»** | әңгіме қозғап, балалардың тілін дамыту | | |
| **7** | **Әр отауда бес тастан орналастыру**<br><br>**«Ойнап отырып, әңгіме айта отырайық!»** | Әр ойыншының алдындағы отауларға бес-бестен құмалақтарды орналастырып үйрету<br><br>Ойын ойнап отырып, әр түрлі тақырыпта әңгіме қозғап, балалардың тілін дамыту | Ойын тақтасы, құмалақтар | 2 |
| **8** | **«Ойнап отырып, әңгіме айта отырайық!»** | Ойын ойнап отырып, әр түрлі тақырыпта әңгіме қозғап, балалардың тілін дамыту | Ойын тақтасы, құмалақтар | 2 |
| **9** | **«Ойлан да, ойна»**<br><br>**«Ойнап отырып, әңгіме айта отырайық!»** | Бестемше ойнау арқылы ойланып жүріс таңдап үйрету<br><br>Ойын ойнап отырып, әр түрлі тақырыпта әңгіме қозғап, балалардың тілін дамыту | Ойын тақтасы, құмалақтар | 3 |
| **10** | **«Кел , жарысайық!»** | Бестемшеден жарыс ұйымдастыру, жеңімпаздарды мадақтап, марапаттау | Залды безендіру ,<br><br>Ойын тақтасы, құмалақтар | 2 |

**Барлығы -18 сағат**

Scanned with CamScanner

Бекітемін
«Қарлығаш» бөбекжайының
директоры ______ Кадина К.З.

**«Кел, бестемше ойнайық!"**
**бағдарламасының күнтізбелік жоспары**

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Құралдар | Сағат саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **«Бестемше » ойнының шығу тарихы** | «Бестемше » ойнының шығу тарихы жөнінде түсінік беру,таныстыру | Тақта, бейнематериалдар | 1 |
| 2 | **Негізгі терминдер мен атаулар** | Ойынға қатысты терминдер мен атаулармен таныстыру, түсіндіру | Ойын тақтасы , құмалақтар | 2 |
| 3 | **Ойын ережесі** | Тақтайшадағы отауларға құмалақтарды орналастырып, ойынды бастау. Ойын ережесімен таныстыру | Ойын тақтасы, құмалақтар | 2 |
| 4 | **Қауіпсіздік ережесі** | Ойын барысында құмалақтарды ауызға салуға болмайтынын ескерту | Ойын тақтасы, құмалақтар | 1 |
| 5 | **Бастаушы мен қостаушы**<br><br>**«Ойнап отырып, әңгіме айта отырайық!»** | Бастаушы мен қостаушы жүрістерін үйрету<br>Ойын ойнап отырып, әр түрлі тақырыпта әңгіме қозғап, балалардың тілін дамыту | Ойын тақтасы, құмалақтар | 1 |
| 6 | **Жұп, тақ сандар**<br><br>**«Ойнап отырып, әңгіме айта** | Жұп, тақ сандарды 1 және 2 сандары арқылы ажыратуға үйрету<br><br>Ойын ойнап отырып, әр түрлі тақырыпта | Ойын тақтасы, құмалақтар | 2 |

Scanned with CamScanner

дамуының алдыңғы кезекке қойылуында. Ойын арқылы оқыту қағидатына негізделген бұл жаңашылдықтар өз нәтижелерін тез арада көрсететіні анық. Сонымен қатар балалардың бойына ұлттық құндылықтар, патриоттық сезім, отанға деген сүйіспеншілік сияқты дағдыларды игеруде ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсінуді, сыпайылыққа, мейірімділікке, дос болуға, құрметтеуге, көмек қолын созуға, қуанышын бөлісуге үйрету.

Басты талап- балалардың түрлі қажеттіліктерін өтеуге бағытталғандықтан, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құру. Соның бірі- авторлық бағдарлама әзірлеу және енгізу.

Қазақтың ұлттық ойындары атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып келе жетқан асыл қазына болғандықтан ,ұлттық ойынды меңгертуді мақсат етіп, «Кел, «бестемше » ойнайық!» атты авторлық бағдарлама әзірледім.

Бабаларымыз нені ойласа да, оның мағынасына көп мән берген ғой. Тіпті, сойылған малдың сүйек-саяғын былай қойып, құмалағынан математикалық ойын - бестемшені жасау – ерекше тапқырлық. Өзге халықтар сияқты, қазақтың да атадан балаға мұра болған ежелгі ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқасақ, бұл ойындар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған екен. Ахмет Жүнісовтың айтуынша: «Ұлттық ойындар – сонау ежелден ата-бабаларымыздан бізге жеткен мұра, ұлтымыздың өткені мен бүгінін байланыстырған асыл қазына

Ұлттық ойындар адамды жігерлік пен батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке, жылдамдыққа баулиды. Сонымен қатар, денсаулығын нығайтып, жеңіске деген сенімін шыңдайды; адамгершілік қасиеттерге баулиды.

«Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған». Ежелгі ойындар бала үшін ұлттық тәрбие үлгісі десек, артық айтқандық емес. Ойын түрлері өте көп. Ол - жан-жануарларға, түрлі құбылыстарға, түрлі заттарға т.б. байланысты ойындар деп жіктеліп кете береді. Авторлық бағдарлама әзірлеудегі негізгі мақсатым -ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру, ойын ойнап отырып, балалардың сөздік қорын молайтып, тілдерін дамыту. Ұлттық құндылықтарымызды дарыту, мәдени мұраны, салт- дәстүрді сақтау, көне ұлттық ойындарымыз арқылы тәрбие беру; Ойын барсында жеңіске жету, Өз ойларын толық жеткізе білу, ой бөлісу; Ойын кезінде бір-біріне жағымды көз көзқарастарын нығайту; Жеңіске жеткен ойыншының қуанышына ортақтасу, тілек айту; Жақсы тілекке алғыс айту;

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)

Scanned with CamScanner

біздің халқымызда ісің оңға бассын деген сөз бар, тіпті атқа оң жағынан келіп мінетін болған, сыйырды оң жағынан отырып сауған, тамақтанғанда оң қолымен ас ішуі секілді менталитетіміздің элементтері бар, жүріс барысында құмалақтың біреуін орнына қалдырамыз, қалған құмалақтарды жүреміз, бұл жерде біздің «Қара шаңырақ» ережесі көрініс табады. Ол дегеніміз біздің дәстүрімізде отауда, қара шаңырақта ата-анасына қарап бір баласы сол отауға ие болып қалатын болған, сол дәстүрдің көрінісі бар. Тағы жүріс барысында соңғы түскен ұяшықтағы құмалақ саны жұп болса оны өз қазанымызға саламыз, себебі жұп болған жағдайда ғана біз өсеміз, өнеміз деген мағынаға сыйдырған.

Бестемше ойыны– математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын-ала ойлау, есептеу, қиялдау – оның негізгі өзегі. Сондықтан ойыншы ойынды үйрену барысында оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Бұл кез-келген салада болашақта керек, себебі алдын-ала жоспарлау, алдын-ала ойлау, ойлаған мақсатқа жетудің басты әрі алғашқы қадамы. Сонымен қатар, бұл ойын ойыншыны дербестікке, өзі шешім қабылдауға машықтандырады. Жеңіске жету үшін ойыншы алдын ала стратегия, жоспар құруды үйреніп, жоспар құру барысында егер дұрыс емес деп санаса сол жоспардан бас тартуды, жаңадан басқа жол іздеуді үйренеді. Егер шешімді қабылдау барысында қателескен жағдайда, ойыннан жеңіліс тапса жеңілісті мойындауға, дұрыс қабылдауға тәрбиеленеді. Жоспарды жүзеге асыру үшін ойыншыға жүрістерді есте сақтау қажет болады, ойыншының біздің жағдайымызда баланың назарын шоғырландыру арқылы зейіні дамыйды, есте сақтау қабілеті артады, алдындағы ақпаратпен дұрыс жұмыс жасау машығы қалыптасады. Кейіннен балада жеңіске деген құштарлық пайда болады, осы арқылы бәсекелестікке қабілеті артады. Қол моторикасы дамыйды. В.А.Сухомлинский «Бала қабілетінің қайнар көзі – оның саусақтарының ұшында» - екендігін жазған. Ұсақ моториканы дамытудың баланың жалпы дамуында алатын орны ерекше. Баланың ұсақ моторикасын дамыту арқылы барлық таным процестерінің қызметін жақсартуға болады. Бестемше ойынында ұсақ шарларды ұстау кезінде қол қозғалысы арқылы ми және жүйке талшықтарына әсер етіп, мол пайдасын тигізеді.

Уақытты тиімді пайдалану. Ойынды үйреніп, жарыстарға қатысып, жеңістің дәмін сезген ойыншы бұдан әрі гаджеттерде отырудан гөрі осы ойынға деген қызығушылығы артып, өзінің айналасына өзі секілді зияткер, талғампаз, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, бәсекеге қабілетті, есте сақтау қабілеті жоғары дамыған, қажетті ақпаратқа зейінін тез аудара алатын, дербес шешім қабылдап сол шешімінің нәтежиесін дұрыс қабылдай алатын, кез-келген жағдайды алдын ала жоспарлай білетін, өзіне сенімді, өз ойын еркін білдіре алатын, жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиеленіп шығады.

Бұл зияткерлік ойынды тарату мен дамытудың мүмкіндігі де, маңызы да зор. Бестемше әсіресе балабақшалар мен бастауыш сыныптарға кеңінен таратып ойнату арқасында баланың арифметикалық қабілетін ашып, зердесін шыңдауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдарда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын жаңа модель пайда болып, жаңа стандарт әзірленді, үлгілік бағдарлама жаңартылды. Бұлардың ерекшелігі - баланың жан-жақты дамуына , «толық дамуына» көп мән беріле отырып, баланың интеллектуалдық, әлеуметтік-эмоционалдық, физикалық, құндылықтардың

**Ұлытау облысы білім басқармасының «Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжайы коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

**Авторлық бағдарлама атауы:**
**«Кел, бестемше ойнайық! »**
**Әзірлеген :** педагог- ұйымдастырушы Жүмке Динара Боранқұлқызы

**Мақсаты:**
Балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, «бестемше » ойыны арқылы тәрбиеленушілердің танымдық қабілеттерін аша отырып, тіл дамыту, ой—өрісін кеңейту, отансүйгіштік тәрбие беру.

**Міндеттері:**

- Балалардың ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру;
- Ұлттық ойындарды құрметтеуді үйрету;
- Ережелі ойындарды ойнауды үйрету;
- Ойын арқылы ой –өрістерін кеңейту:
- Есте сақтау, ойлау, байқағыштық қабілеттерін қалыптастыру;
- Алдын-ала болжам жасау, логикалық ойлау қабілетін, зейінін арттыру;
- Шыдамдылыққа, төзімділікке , іждағат, табандылық, ұстамдылық секілді қасиеттерді дамыту;
- Тез ойлағыш, тапқырлық сияқты қабілеттерді дамыту;
- Ойнай отырып, сөздік қорды молайтып, тіл дамыту.

**Күтілетін нәтижелер:**

- Ұлттық зияткерлік ойындар насихатталып,кеңінен қолданылады
- Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтары артады
- Ойынды кәсіби ойнауға машықтанады, тәжірибе жинайды
- Қолдың ұсақ моторикасы , есте сақтауқабілеті, логикалық ойлауы дамиды
- Көркем жазуға икемділіктері артады
- Ойнай отырып , әңгімелесу арқылы сөздік қорлары молайып , тіл дамиды
- Болжам жасауға, жоспар құруға, жауапкершіліктерінің қалыптасуына, ережеге бағынуға машықтанады.

Ұлытау облысы білім басқармасының «Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжайы коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Бекітемін
«Қарлығаш» бөбекжайының
директоры Кадина К.З.

# «Кел, бестемше ойнайық! » атты

ересек тобына арналған

**Авторлық бағдарлама**

( 2023 - 2025 жылдар )

Жаңаарқа

Scanned with CamScanner